

*Шаймардан Қалимақпаров*

# ӘЖЕ МЕН НЕМЕРЕ



Шаймардан Қалиакпаров

***ӘЖЕ МЕН НЕМЕРЕ***

Семей «Интеллект» – 2008

ББК 84 Қаз - 4  
Қ 12  
Қалиақпаров Ш.

Әже мен немере. Семей, “Интеллект”, 2008, 52 бет

Суреттерін салған: **Махаббат Мұхаметжанова**,  
Семей Мемлекеттік  
педагогикалық институтының  
студенті, бейнелеу өнері және  
сызу факультеті  
**Әйгерім Әзімханова**, Шәкәрім  
атындағы Семей Мемлекеттік  
университетінің студенті,  
ақпараттық-коммуникациялық  
технологиялар факультеті

ISBN 978-248-017-7

Шығармаға арқау болған балғындар арасындағы  
қарым-қатынастары.

Балалары мен немерелерін мейірімділік пен  
әдептілікке тәрбиелеудегі ана-әже бейнесі  
суреттелген.

ББК 84 Қаз – 4

4702250201  
Қ -----  
00(05)-08

ISBN 978-601-248-017-7  
“Интеллект” баспасы, 2008

Шөп жердің нәрімен, жаңбырдың суымен,  
Күннің нұрымен көгереді.  
Бала ананың алақанымен, әкенің өсиетімен,  
Қоғамның қамқорлығымен көгереді.

1

- Апа, жасыңыз жетті, ауылда жалғыз тұра алмайсыз. Семей деген немене – мына тұрған жер, көлік күнде қатынайды. Бізбен тұрыңыз. Қалада ауылдағы отын-су, үйді жөндеу деген күйіктен арыласыз. Көніңіз, көшейік, - деп келін-баласының көп қабатты үйге, шулы қалаға алып келгеніне үш-төрт жылдың жүзі болыпты.

Жәмила келін-баласының бұл ұсынысын көптен қабылдамай жүретін. Қалай түсіп қалғанын да білмейді. Олардың айтқанына құлай көне кетіп, ойда жоқ жерде көп қабатты үйден бір-ақ шыға келгенін өзі де аңғармай қалыпты-ау. Оған қала өмірі таңсық емес, бұрыннан келіп жүретін, тез үйреніп кетті. Айырмашылығы – қалада ауылдағыдай көршілермен қарым-қатынастың жоқтығы және далаға шығып керегі жоқ. Бәрі үйдің ішінде. Ауылдағыдай отын-су, көмір, ағашты тасымалдамайсың. Қартайған шақта ыңғайлы-ақ екен. “Бұрын қайда болғам. Балалардың үйінде тұрып қолым босап, рахаттанып қалдым емес пе. Бәрінен ваннасын айтсаңшы! Монша демейсің,” деп қалжыңдайды Жәмила замандастарымен кездескенде.

Келіні мен баласы жұмысқа кеткенде ол немерелеріне бас-көз. Қолы бос кезінде солармен оңгіме-дүкен құрады. Өткен балалық шағын есіне

алып асықпай отырып, ертегі сияқты етіп айтып береді. Ересектеу немересі Ажарға әжесінің жастық шағы қызық боп көрінеді, себебі оның естелігі өткен ғасырдың со-нау отызыншы-қырықыншы жылдарына жетелейді.

Үйде екеуі ғана қалған. Ыдыс-аяқты жуып-шәйіп, бөлмелерді жинап бітірген соң әжесі мен немересі диванға отыра кеткен. Ажар үй шаруасымен жүргенде ойына келген сұрақты әжесіне қойды.



- Апа, бала кезіңізде қандай ойыншақтармен ойнадыңыз? – деп сұрады немересі.

- Ол кезде ойыншық деген атымен жоқ болатын. Бәрін қолдан жасадық. Қуыршақты ескі шүберектен белін қыналтып тұрып құрайтынбыз, “күлді көсені” күресінді қопарып жүріп тауып, ойнайтынбыз. Қойдың бақайларына дейін ойыншық еттік. Біздің жастық шағымызда бәрі тапшылық. Тұрмыс нашар болды. Соғыс кезінде ауыл адамдары шаршап-шалдығып, сүрініп-жығылып жүріп жұмыс істеді.

Жинаған дәнді дақылдарды, малдың еті мен сүтін түгелдей майдан үшін жіберіп отырдық. Мен өз басым жақсы тұрдық деп мақтана алмаймын. Шешем жұмыста, әкем соғыста болды. Жамаусыз киім киген жоқпын, қарным тойып тамақ ішкен емеспін. Өміріміз соғыс бітіп, семьямыз түгелденгенде ғана түзеле бастады. Бақытымызға, әйтеуір, әкем төрт мүшесі түгел соғыстан оралды. Жылдар өткен сайын соғыстың жарасы жазыла бастады. Бұрынғы қиыншылықтар ұмытылып, халықтың тұрмысы дұрыстала бастады. Балам, “бәріне уақыт төреші” деген дұрыс екен. Енді мен соған сенемін. Жаманшылықты уақыт өшіреді екен, ұмыт қылады. Соғыстан кейін ауылда біртіндеп ойын мен тойлар бола бастады. Баландық шақ көңілді ғой, шіркін. Өйткені жас кезімде өмір тауқыметі носы кезімдегідей қабылдамадым. “Жас кез – мас кез” деген де рас екен. Ол шағымда көпті түсінбеппін. Қазір ғой сары уайымға салатыным. Көп нәрсені аңғармаппын және мән бермеппін. Оным да дұрыс болыпты. Жастық шақтың “мастығынан” ғой бәрі. Жасым жетіп, бойым түзелгенде аталарыңмен кездестім. Семья құрдық. Балаларды сүйдік. Сендердің папаларыңды тәрбиелеп өсірдік. Жақсы өмір сүрдік. Тек аталарың мына мамыражай кезеңді көре алмай кетті. Сол өткен өмірді есіме алып қазіргімен салыстырсам, сендер бақыттысындар. Тойып тамақ ішесіндер, не кием, не ішем демейсіңдер, үй деген мынау, отын-су, жылу демейсіңдер – бәрі дайын, қранды ашып қалсаң ыстық суың да, суық суың да ағып тұр. Біз балалық шағымызда телевизор дегенді білмедік. Радионың өзі некен-саяқ еді. Ауылда электр жарығы болмады. Бақыттарың баянды болып, ел іргесі аман болсын деп жатсам да, тұрсам да Жаратқаннан тілеймін, - деп жауап берген болатын немересі Ажарға.

Жәмила әженің сәті түсіп немерелерімен осылай емін-еркін әңгімелескенде, көңілі жадырап, тас түйін болып қалған шерін тарқатып, көкірегі жеңілденіп қалатын.

Балаларының алғашқы ұсыныс жасаған кездерінде қалаға көшуге келісімін бермей жүргентін. Туып-өскен ауылын, құрбы-құрдастарын, көз көрген қарияларын, көршілерін кимады. Сонда баласына:

- Әкеңнің қара шаңырағы. Көзімнің тірісінде түтінін шығарып отырайын. Қазір ауылдағылардың бәрі бұл үйді сенің әкең Асылбектің үйі деп атайды. Әкеңнің жаман атын мен де, баласы сен де шығарған жоқпыз. Әзірше үйіміздің түтіні тік шығып тұр. Тәуба Құдайға! Мен өлгенде көрімді терең қазып көміп әкеңнің қасына қойсаң болады. Сосын әкеңнің үйін не қылсаң да өзің біл: есігін сарт жауып шегелеп қоясың ба, әлде өртеп жібересің бе, ерік өзінде, - деп екі-үш жыл бұрын келгенде, көшу туралы ұсынысын жиілете берген соң, баласына сұсты қарап, сөзінің соңын қатаң айтып қайтарып жіберген. Енді міне қарап отырса, содан бері бірнеше жыл өтіп кетіпті-ау.

Жәмила сол жолы осылай айтса да, артынан өкініп еді. “Сонша налып баламның бетін қайтарып нем бар еді? Ер адамның алдына көлденен тұрып, сағын сындырып, беделін түсіріп көрмеп едім. Маған не болып еді, сонша тарылып?” деген өзіне өзі. Осыдан кейін бірер жыл өткен соң үйдің іші-сыртын сылап, қора-қопсыны жөндеуге шамасы келмей қалған. Сонда білді қартайып қалғанын. “Менікі бұрынғы көкірек екен. Шамамды білмейді екем. Күшімнің бар-жоғы іске келгенде білінді. Бұған дейінгінің бәрі бұрынғы буым екен” деген ол көрілікті мойындап. Күз келе көмір кіргізіп, қыста

оны жағып, күлін шығарудың өзі қиынға түсті. Қақаған аяздарда үйден шығып, есік алдындағы сіресіп қалған қарды күреудің өзі күш болды. Көмірді жартылай болмаса, бір шелекті енгізе алмайтын халге жетті. Осыдан кейін ғой: ”Қартайған екем. Білмеппін. Қалай ша? Әлі тұғырдан түсіп тұрған жоқ сияқты едім. Ылдидан төмен түсіп бара жатыр екем. Байқамаппын. Адам неге тым ерте қартаяды екен?” деп ойға түскені. “Кісінің өмірі қамшының сабындай” деген осы ма екен?” – деп бүкіл өмірін көз алдына елестеткендей болды. Осы сұрақтарына жауап іздеп “көк дөнен” ойын арлы-берлі шаптыртты да: – Қарап отырсам төңірегімде ештеңе өзгерген жоқ. Күн де, түн де кәдімгідей бір қалыпта өтіп жатыр. Жыл мерзімдері де бірінен соң бірі ауысуда. Бәрі әдеттегідей, өзгеріссіз, қуып немесе абыржыған ештеңе жоқ. Ыңыранып, керіліп жатқан сарбаз дала. Алып трактор соқасымен денесін жаралап топырағын аударып жатса да үндемейді. Ғажап сабырлық! Міне, түн де тып-тыныш, күнде көретін Ай, таңғы самал салқын жел. Не өзгерді? Түк те. Табиғат бұрынғы мүлгіген қалпында. Адам да сол бұрынғы жетілген шағында табиғат іспеттес мамыражай өмір сүре берсе ғой, шіркін! Қартаймай бір қалыпта жүре беруі керек қой. Қарап отырсам олай емес екен. Біртіндеп денсаулық азайып, самайға ақ кіріп, бұрынғы жүріс-тұрыстан қалып, жас кезде түншығып бұғып жатқан аурулар қозып, шыға келіп адамның ағзасын меңзей бастайды екен. Кешке қарай күні бойы қорадан арбалап қойдың қиын шығарғандай боп шаршап, бопсып қалам. Түстен кейін жантайып біраз демімді алсам да, жатарда мұрттай ұшам. Дүниенің алдамшы дегені осы екен ғой. Сөйтіп жүріп ақырғы демнің шыққанын да білмей қалу ғажап емес” деген ойға келетін. Осылай



өмірінің өлшемін пайымдайтын. Табиғаттың, айналадағының бәрі де өзгеріссіз тұрғандай, уақыттың тылсым заңына бағынып адамның біртіндеп қартая беретініне таң қалып еді Жәмила. Бұрын көріліктің осылай келетінін ойламапты. Жас кезінде қартайатынын есіне де алмапты. Шіркін аңғал жастық-ай! Осы ойлар мазалап қыстың ұзақ түнінде кенеттен шырт ұйқыдан оянып кеткенде келген. Содан кірпігін ілмей, таң атқанша сергек жатқан. Кісілердің осылай қартайатынын аңғармапты-ау. Осы ойлардан соң өзіне бір жаңалық ашқандай болды. “Бетіме әжім түсіп, қолымның қарны суалыпты. Табиғат пен адамның ара қатынасы осылай екен. Біртіндеп жылжып күндер өте береді екен де, сол өткен күндермен бірге адам да денесіне белгі түсіріп, қартая береді екен” деп беті мен қолын сипап көріп еді ол.



Жазда бір келгенде ұлы тағы өз ойын айтып, тақымдап болмап еді:

- Апа, қалаға көшіңіз. Мұнда енді тұра алмайсыз. Ана шөп қораның сыртқы қабырғасы құлап тұр. Оны қайтадан салу сіздің қолыңыздан келмейді, менің мұршам жоқ. Үй де ескі, көпке шыдамайды, - деп қолқа салған.

Келіні де оған қосылып:

- Төргі үйдің терезелерінің жан-жағындағы сылауы түсіп қалыпты. Сол жерден қыста аяз кіріп, суық жел гуілдейді. Басқа жерлері де оңып тұрған жоқ. Қайтесіз бұл азапты. Бізбен тұрыңыз. Мен қолыңызға түскелі подружка болып кеттіңіз. Сырласым болып қалдыңыз, - дегеніне күлісіп алған екеуі.

- Балалар өсіп келеді. Соларға ақыл-кеңес беретін кісі керек. Сіз болсаңыз көп жасап, жақсы-жаманды көріп, көңіліңізге түйгеніңіз бар. Қазақта бір мәтел бар ғой “жеті шалдың ортасында өскен бала көсем болады, жеті баланың ортасында жүрген шал бала болады” деген.

- Адырам қал, мәтелшілін өзінің. Бір мені жеті шалға теңедің ғой, - деп қомданып, баласының сөзіне күліп алғаны бар Жәмиланың.

- Шыным, апа. Сіз сол жеті шалдан артық болмасаңыз, кем емессіз. Жас балалар үлкен адамнан жаманшылыққа үйренбейді, - деп шешесінен именіп, қатты сөз айта алмай қымсынып, баласы сөзін жалғастырды. – Сізден басқа Ажар мен Әмірге кім ақыл, өсиет айтады?! Әже көрген бала ақылды болады. Тым болмаса, солар үшін барыңыз. Біз немене, келініңіз екеуіміз күні бойы жұмыстамыз. Балалар өздерімен өздері. Беталды шауып жүргендері. Және сіздің білгеніңізді, асыл ауыл тәрбиесін біз білмейміз, - деген баласының

сөзіне көнген болатын Жәмила.

- Бұларын да дұрыс екен. Айтқандарынның бәрі орынды. Жігіт ағасы жасына жеткендігің көрініп тұр балам. Мен сендерді әлі бала деп жүрсем, ақылдарың жетіліпті ғой. Жарайды. Ауылды жинап, әкеңе хатым түсіртіп көшейік. Басына барып тағзым етейік. Аруағы маған өкпелемесін, - деп жадырап айтып еді сонда Жәмила.

...

Міне, сол көшіп келгеннен бері Ажар да, Әмір де бауыр басып қалды. Екеуі де апалап тұрғаны. Айтқанын екі еткізбейді... Келін-баласы күні бойы жұмыста. Үйде болса - екеуі де жылы жүзді, бұған қабақтарын түйген емес. “Балам қайда барады дейсің, өзімдікі ғой. Келініммен тіл табыссам болады, әлгі келініңмен тіл табысқың келсе, “келінмен келіндей бол” десіп жатпаушы ма еді” деп ойлайтын Жәмила. Өзі де қолын қусырып отырмайды. Қолынан келгенін істеп, үйдің жұмысын тындырып қояды. “Шаршап, жүйкелерің құрып келген шығарсыңдар. Тамақ дайын. Жүріндер” деп кешқұрым ас бөлмесіне шақырып жүргені. Бұған әсіресе келіні риза. Уақыты бола қалғанда келіні бар сырын айтып, өзінің ой-тұжырымдарын тексеріп алатын. Осындай бір көңілдері түйісіп шүйіркелесіп қалғанда:

- Апа, келгеніңіз қандай жақсы болды! Ауылдағыдан кем емес қой деймін. Осындағы туыстармен кездесіп тұрасыз. Ауылға да барып қоясыз. Бізге де, сізге же жақсы болды. Жалғыз тұрғандығыңыздан сізді не боп қалды деп алаңдап отырушы едік, - деген.

Оған Жәмила:

- Ризамын, қарақтарым. Құдайдан баланы не үшін тілейді? Осындай келешегін үшін ғой. Құдай

баладан айырмасын, бойына біткен нәрестені тауып алу керек. Ана болып туған соң дүниеге нәресте әкелу табиғаттың жазғаны. Одан еш әйел қашып құтылған емес. Тілегім: сендердің аман-есен болуларыңда, екі қарғаларыңды дұрыс тәрбиелеп Адам етіп өсірсендер, құтты ұяларына қондырсандар! Ерлі-зайыпты екеулерің баянды бақытта өмір сүрсендер болады, - деп ақ тілегін айтқан.

- Апа, сіз келгелі көпке үйреніп келем, әсіресе әдет-ғұрыпқа. Құрдастарыма сіздің арқаңызда ақыл-кеңес бере бастадым. Олар қайдан білесің деп таңғалуда. Ана жолы Құттықыз қызын тұрмысқа берерде аяққа жығылуға келетін құдаларды қалай атқару керектігін сұрады емес пе. Сонда ақылдастым ғой сізбен.

- Рахмет онына. Менің айтқандарымды көкірегіңе құйып алып, осылай қабылдайды деп ойламап едім, - деп Жәмиланың жүрегі елжіреп келінінің мандайынан мейірлене иіскеді. Осы сәтте қария ана келінінің түсінігі мол адам екеніне көзі жетіп, мерейі өсіп еді. Құдайдың осындай келінге кездестіргеніне өзін бақытты санады. Сосын: - Өмірлік тәжірибе мысқылдап жиналады. Мысқылдап дегенім – күнде неше түрліні көресің, неше түрліні естисің, бірақ ойыңда өзіңе керек деп санайтынды сұрыптап алып қалып, есінде сақтайсың. Әрбіреуі миыңның бір түкпірінен орын алады. Керек болса, шығарып аласың. Мысқылдап жинағандар көп, көкейде шашырап жатқан соң барлығын бірден лық еткізіп төгіп тастағандай, айта алмайсың. Әрбіреуі керек кезінде шыға келеді, - деп келіні мен енесі бір сырласып алған.

- Компьютердің жесткий дискісінен алғандай екен ғой, - деп қалжыңдап күлді келіні енесіне.

- Оны сен білесің, компьютерің біздің заманымызда болған жоқ. Көрмек түгілі, естімедік те.

Осы әңгімеден соң Жәмиланың ойына: “Қызының сыры төркініне мәлім” дегендей, “келініммен тұра аламын ба екен?” деп дүдәмалданып жүруші едім. Бекер күдіктенгем екем ғой”, - деген бұрынғы көкірегінің түкпірінде жатқан ойы орала кетті.

Қарап отырса, оның ендігі міндеті: білген-түйгенін балаларының, әсіресе, келешегі мол немерелерінің бойына сіңіре беруі керектігі келінімен әңгімелескеннен кейін мүлде бекіді. Ол үшін жәйіті келгенде балаларына ойындағысын ептеп, суыртпалап айтып қою дұрыс екен. Әрі қарай түбейлеп ойласа: балаларын өсиет сөздерімен мазалап жалықтырмау керек екен. Егер олай істемесе, сөзінің қасиеті кетіп қалуы мүмкін. “Тіпті жүре тындауға дейін баруларын күтуге болады. Уағызыммен жалықтырсам менен ала тондарын алып қашып, мені көрсе үркулері мүмкін. Сосын мысқылдап жинаған абыройымнан айырылып қалуым ықтимал” деп ойлады Жәмила. Тіпті өзін осы ойдан үрей басып кетті. “Қой, “аз сөз алтын сөз, көп сөз бос сөз” деп халқымыз тегін айтпаған болар. Одан да аузымды көбінесе жауып жүргенім дұрыс болар. Уәжімді керек дегенде аздап, шұбыртпай айтып қойсам болғаны” деген шешімге келді ол. “Әже, ене болуды да үйрену керек екен ғой. Оны бұрын кім білген? Балаларыңа кішкентай кезіндегідей “алай тұр, былай тұр; олай істе, бұлай істе деп айта алмайсың”, себебі олардың өздері әке-шеше, сондықтан немерелеріңе де қатты айта алмайсың - әке-шешесі ренжіп қалуы мүмкін, бұлардың үйлерінде өз семьясында қалыптасқан тәртіпті орындау керек, әйтпесе “олай тұрсаң олақ,

былай тұрсаң сопақ” дегенге ұрынасың. Өмірдің өзі осылай екен ғой. Кішкене кезінде әке-шешенің айтқанын істейсің, өзің семья құрған соң өзін орнатқан тәртіпке балаларды баулисың. Енді, міне, қартайған шағыңда баланың қолына қарап, ұлын мен келініңнің жаңа тәртібіне көнуің керек. Осылай, өмір бойы өзгеріп отыруың керек. Бірде қария ананың, бірде әженің, бірде ененің рөлін ойнауың керек екен. Ылғи қаптаған рөлдер. Ауыстырып алмауың абзал. Олай болмаса, балаңа да, келіңіңе де керек емессің. Қаңғырып қалуың мүмкін. Қарттар неге қариялар үйіне шығып жатыр? Балаларымен тіл табыса алмағандықтарынан шығар”, деп өмірдің алмағайып екеніне езу тартты ол өзінен өзі ойға шомып. Осыны ойлап терезенің алдында көшеге қарап тұрған.

Бір уақытта күн түнеріп, қатты дауыл көтеріліп кетті. Далаға шығып, ойнап жүрген Әмірді шақырып әкелді. Қайта барып далаға қарап еді дауыл бұрынғысынан да ышқынып, ішін тартып жан-жақтағы ауаны сорып бара жатқандай көрінді Жәмилаға.



Осы мезетте мектептің алдына көшенің екі жағынан ауа тасқыны жер бауырлап келіп түйісті. Біріне бірі соғылысып екі толқын екі жаққа қошқардың мүйізіндей қайырылды. Дәл осы мезетте ауладан келген үшінші тасқын бүйірден келіп қосылып, өлгі екеуін иіріп өкетті де, үш толқын біреуге айналып аспанға көтерілді. Құйынның түбі асфальтті жалап бір жерде иіріліп тұр. Алпауыт құйын иірілген сайын жан-жақтағы ауаны өзіне тартып алды. Кәдімгі суда болатын иірімдей. Осылай бір орында тұрып қалыптасты да, Жәмилалар тұрған үйден алыстай бастады. Жүйткіп ала жөнелді...

Оның ойына өзінің жас кезінде суға түсіп жүріп сондай иірімге кездескені есіне түсе кетті. Иірімге қалай жетіп қалғанын байқамаған Жәмилані, үршықша иірілген су өзеннің түбіне алып кеткені. Ол иірімнің бар екенін білетін. Бірақ жас жігіт Асылбекпен ойнап жүріп, одан қашқанда сүңгіп кетіп, иірімге кез болғаны. Қатерді сезген ол су бетіне шықты, бірақ ештеңе айта алмады, есі шығып кеткендіктен дауысы шықпады, аузын ашып ауаны қауып алған қызды май құйғыштай үңгір тесігі бар иірім қайта тартып өкетті. Ол тағы кеудесінен судың бетіне шықты, иірім қайта алып кетті. Әбден есі шығып абыржыды. Жанталас. Иірім судың түбіне тартады, Жәмила бар пәрменімен судың бетіне шығады. Ол алпарыста. Өлім мен тіршілік күресуде. Мұны көріп қалған Асылбек өзеннің түбіне түншығып кетіп бара жатқан қыздың соңынан үмтылды. Тұнық судың ішінде Асылбекті көргенде есі шыққан Жәмила оған үмтылды, бірақ ол ұстатпады. Бір рет Жәмила оның қолынан ұстап та үлгерді, бірақ екеуі де судың түбіне қарай бата бастады. Асылбек бұлқынып

Жәмиладан босады да, оның ұзын шашынан ұстап судың бетіне жүзді. Арпалысып жүрген оларды иірім қайта судың түбіне алып кетті. Жанұшырған Асылбек Жәмиламен өзеннің түбіне жетіп, қайта судың бетіне қарай иірімнен шықпақшы болды, енді қыздың бұрымын қолына бір бұрап алды. Өзі басы судан шыққанда ауаны бір-екі рет жұтып үлгерді. Күші әбден біткен. Қол-аяғында әл жоқ. Сонда да соңғы күшін жинап бетін жиекке қарай бұрды. Әне жиек, бірақ Асылбекте күш жоқ. Жәмила қимылсыз қалды. Қалай жетсем? Күшім қайда? Қол созым жер Асылбек үшін бір мәңгілік сияқты, өлім аймалап қолын беріп тұрғандай боп көрінді оған, көзі қарауытып кетті. Бар күшін жинап, Асылбек судың шетіне әрең жетті. Жәмиламен суға түсуге келген жолдас қыздарының бірі бақырып, бірі жылап, бірі ойбайлап сандарын шапалақтап, дәрменсіз күйде тұр. Асылбек судың шетіне жеткенде олар келіп Жәмилані алып, көмек көрсетіп, тірілтіп алды. Кейін осы оқиғаны есіне алғанда Асылбек: “Судың бетін көргенде жағаға бес метрдей қалған екен. Әлімнің қайда кетіп қалғанын білмеймін, көзім қарауытып, күшім кетіп, зорға дегенде сені алып шықтым. Аяқ-қолым тыңдамайды. Егер сол жолы сен менен ұстап алсаң, екеуміз де судың түбіне кететін едік” деген. Жәмила болса: “Суға тұншығып бара жатқан мен, соны ойлауға мүршам келді дейсің бе. Өлгім келмей, жанталасып жүргенім де” деген. Осыннан кейін ғой Асылбектің үйленуге ұсыныс жасағаны. “Сен сынақтан өттің. Сенімділігіңді білдірдің. Қайтып мен келіспейін” деп күміс күлкісімен күліп еді сол жолы бойжеткен қыз Жәмила.



... Сөйтіп, үш толқыннан қосылған алпауыт күйын көшенің дәл ортасымен жүріп, жолды жартылай жауып тұрған теректі діңінен қиратып, қасында тұрған жеңіл машинаға құлатып, көшені жауып тастады. Әрі қарай жылжып, дәлдеп барып бұрыштағы үйдің іргесінде өсіп тұрған үш құлашты теректі тамырымен жұлып алып, мұны да көшеге көлденең сұлатып, ешкім жүре алмайтындай етіп үй араларын бөгеді. Жәмила күйынның құрылғанын көргенде "Бісмиллә! Балаларымды Құдай сақтай гөр! - деп сиынды. - Ажар жолдас қызының үйіне кетіп еді" деп телефонға үмтылды. Әйтеуір сонда екен. Жаңағы табиғаттың бұзақылық күшінің бәрін Жәмила көрген жоқ. Оның көргені – үш жел тасқынының қосылып, үлкен бір дәу күйынға айналуы, көшенің келесі жағына бағыт алғаны. Оның ауылда көріп жүретіні кішігірім ғана күйын екен. Мынандайды бірінші рет көргені. Бұл 2008 жылдың алтыншы шілдесі-тін.

Келіні мен баласы да басқа көшелерде құлап жатқан ағаштарды көргендерін айтып келді. Теледидардан осы дауылдың кесірінен бір кісінің қаза тапқанын айтып, өлгі Жәмилалардың үйлерінің қасында сұлап жатқан теректерді де көрсетті. Қалада болған дауылдың ең күшті көрінісі осы жерде болған екен. Теледидардың хабарында көрші әйел құлаған екінші теректің қасында тұрып сұрапыл дауыл туралы айтып берді.



Көшедегі жойқындықты Жәмила Әмірді ертіп дүкенге бара жатқанда көрген. Көшеден өте алмай, бұрылып жүруге мәжбүр болды. Әмір ғой ағаштың діңінің үстіне шығып кетіп өтіп, әжесі көшені айналып келгенше күтіп тұрғаны.

Сол күні түнде шелектеп жаңбыр жауды. Жауынның қалыңдығы сондай, тіпті балконның қабырғасынан, терезесінен өтіп, сондағы жайылған төсеніштердің бәрін сулап кеткені.

Өткен дауыл мен қалың жаңбырдың болғанын ұзынқұлақ естіген ауладағы апалар еліміздегі үлкен қаланың мерейтойын атағанда, сол шаһардың үстіндегі бұлтты жоғарғы шенеуніктер жан-жаққа қуғызыпты. Соның салдарынан осындай табиғаттың құбылыстары болыпты-мыс десіп өзара сөз қылып отырысты.

Ертеңінде таңертең күн көтеріле Әмір далаға шықты. Түндегі жаңбырдың салдары білініп тұр. Күн салқын екен. Аспанды айғыздаған ақшыл сұр бұлттар көшіп бара жатыр. Күннің көзі сол бұлттардың арасынан сыналап шығып, ауланың бір бөлігіне түсіп тұр. Асфальтта су жатыр, жер ылғалды, салқын жел аймалап бетін қыдықтайды. Мұндайда балалар шыға қойсын ба. Әмір жан-жағына қарап еді, тамақ іздеп жортып жүрген иесіз иттер, контейнерлердің ішін ақтарып жатқан қайыршылар. Анандай жерде велосипедін тоқтатып көрші атаға сөлем беріп тұрған Ерасылды көрді. Ол үлкен кісілерге ылғи сөлем беріп жүретін әдепті бала. Жолдасының мұнысына Әмір кәдімгідей қарады. Ерасыл амандасқан атаның астыңғы тістерінің жоқ екенін байқап қалып, саусағын өз ернінің астына апарып, сұрайын деп көрсетіп тұрғанда, кенеттен Әмірдің:

- Ер-а-сыл! – деген дауысы шықты. Ол велосипедінің педаліне аяғын сала салысымен Әмірге жүрді. Ерасыл тісі кетік атаға сұрағын да қойып үлгере алмады.

Велосипедіне жаңа ғана отырып әптігін баса алмаған Ерасыл:

- Қазір. Мен бір айналып келейін, - деп велосипедін зымырата жөнелді. Ол өз подъезіне жете бергенде апайы Ләззат тамаққа шақырды. Оған қарамастан Ерасыл ауланы бір айналып барып, сосын ғана таңертеңгі тамағына кірді.

Әмір осылай тұрғанда келесі подъезден Әдина шыға келді. Ол бірдеңеге абыржыған. Ол да Әмір

сияқты бірінші сыныпты бітірген. Әмірлермен ойнамайды. Қыздардың ойындары бөлек. Олар топталып жиналғанда өлең айтады, билейді. Биге бірін бірі үйретіп жатқандары. Бүгін Әдина жақсы киініп алыпты. Қонаққа баратындай. Юбкасының етегінде ойдым-ойдым асты жамалған шашақты көп тесіктер. Мұндайды бұрын байқамаған Әмір: “Юбкаң жыртылып қалған ба? Анау жалбыраған жіптер қайдан пайда болған?” деп сұрайын деп еді, оның ойын абдыраған Әдина бөліп жіберді:

- Әмір! Әмір! Әй, Әмір! Бері келші! Тез! Тез деймін, - деп көзден ғайып болып бара жатқан бір құбыжықты көруге асықтырып тұрғандай мазасызданып тұр. – Көгершін! Көгершін! – деп әптігіп қолын бұлғады.

Әмір кішкене қыздың ышқына дауыстағанына қарамастан, аяғын асықпай басып Әдинаның қасына келді.

- Не болды? – деді ол күнге шағылысқан көзін қолымен көлеңкелеп.

- Тез! Тез жүр! – деп подъездің ішіне жол бастады. Әмір де келе жатыр. Екінші қабатқа көтерілгенде:

- Әне, көгершін өліп жатыр. Кім өлтірді екен? Білесің бе? – деп ештеңені білмейтін Әмірге сұрақтарды төгіп жатыр. Өзі аянышты түрде екі алақанымен жақтарын сүйеп, бүрісіп қалыпты. Екі көзі көгершінде.

Әмір көгершінді еденнен көтеріп еді, басы сылқ етіп, салбырап қалды. Көгершіннің басын көтеріп:



- Көздерін біреу шұқып тастапты ғой. Көрдін бе? – деп сұрады, бүрісіп өлі көгершінге жаны ашып тұрған Әдинадан. Ол жауап берудің орнына аяулы дауыспен:

- Енді не істейміз? – деп Әмірдің өзінен сұрады. Көгершінді өлімге қимай тұрған ол.

- Қайтушы едік? Көеміз. Апам өлген нәрсені көму керек дейді. Көеміз, - деп қайталады ол.

- Қайда?

- Аулаға. Слава аға катокқа қоршау жасаған жер бар ғой. Соның бұрышына. Ол жерде шөп қалың. Онда ешкім бармайды.

- Ауырып, есінен танып жатқан шығар? Емдеу керек болар? – деп көмуге қимады Әдина.

- Жоқ. Құста ондай болмайды. Адам емес.

- Оны қайдан білесің?

- Әжем айтқан. Кей адам есінен танып, өлген кісі

құсап жатуы мүмкін. Бірақ құста ондай болмайды. Өлсе - өлгені, - деп құстың басын алай-бұлай бұлғақтатты. – Және екі көзі бірдей жоқ, соқыр.

Әдина үндемеді. Оның екі көзі Әмірдің қолындағы көгершінде.

- Бар. Ерасылды шақыр, - деді де, өзі далаға беттеді. Әдина болса, Әмірдің алдына түсіп алып Ерасылға төтенше хабарды жеткізуге асықты.

Мұндай суық хабарды естіген Ерасыл жолдасына жүгірді. Каток қоршауының алдында тұрған Әмірді көріп:

- Тірі ме? – деп еді. Әмір жауап орнына салқын үнмен:

- Сіздікінде күрек бар ма? – деп сұрады.

- Артемде бар.

- Ол үйінде ме екен?

- Үйінде болуы керек.

- Ендеше Артемнің күрегін алып кел. Тез, - деп көгершінді көмуге қимай көңілсіз өтінді.

Ерасыл Артемнің атасының үйіне жүгіріп барып еді, ол жоқ боп шықты. Әжесі Людмила апа:

- Артем әке-шешесінікіне кеткен. Қазір келеді. Не керек? – деп еді, Ерасыл:

- Көгершін өліп қалыпты. Соны жерлейміз. Күрек керек..

- Ә...ә, онда қиын болған екен. Берейін, - деп өңешінен күлгендей дауыс шығарды да, Артемнің атасымен қосылып ағаштың түбін түптеп жүретін кішкене күректі ұсынды. Ол рахметін айтып жүгіріп кетті.

Каток қорғанының алабота қалың өскен бұрышында тұрған Әмір:

- Енді жерді қаз, - деп кесіп айтты ол Ерасылға. Бұл оның көгершінді көмуге мүлтіксіз шешім қабылдағанын көрсетіп тұр.

Ерасыл жерді қазып тұрып көгершіннің өлімі туралы анықтамақ болды. Ол кеше Богданның бір көгершінді қысқа ағашқа отырғызып алып жүргенін көрген. Сол ма деп қалды.

- Неге өлген екен? – деп сұрады Ерасыл. Оған Әмір:

- Білмеймін. Өліп қалыпты, - деп жауап берді.

- Ауырған шығар. Көмек сұрап подъезге ұшып кірген болар. Кешегі Богданның алып жүрген көгершіні емес пе? - деп жорамалдады Ерасыл.

- Білмеймін. Қара, көздері жоқ, - деп Әмір көгершіннің басын арлы-берлі аударды.

- Ой, шын екен. Обал ғой мынау. Обал, - деді Ерасыл қара топырақты қопарып жатып. – Ана құм жатқан жерден қазсақ қой. Жеп-жеңіл, - деп ол өз подъезінің алдында шашылып жатқан құмды нұсқады.

- Онда тез ашылып қалады. Артем келсе, білесің ғой. Құмды шашып, борандатып ойнайды. Аяғымен бір тепсе, көгершін құмның астынан шыға келеді. Мысық жеп қояды.

- Иә, солай... Ол оқуға әлі барған жоқ. Оған екі жыл бар. Мен екіншіге барамын, - деп Ерасыл өзінің үлкен екендігін білдіргісі келді. Сонда ғой шешесі арқасына асқан портфелінің ауыр-жеңілдігін секіріп сынап көріп: “Мама, мынау жеңіл екен. Ішіне тағы сал” дегені.

- Мен де, - деді жолдасынан қалыспаған Әмір екінші сыныпқа баратынын ескертіп. Сосын: – Жетеді енді, - деді манадан бері қадағалап қарап тұрған ол.

- Мә, ұстай тұр. Мен үйге барып қалың қағаз бен целофан алып келейін, - деп ұқыппен өлі көгершінді Ерасылдың қолына ұстатты. Ол келгенше Ерасыл көгершінді әрі аударып бір қарап, бері аударып бір

үнілді. Өлгеніне көзі жетті.

Үйінен келе салысымен Әмір:

- Әкел, - деп көгершінді қайта қолына алды. Жүні жұмсақ, Ерасылдың қолының жылы табы кете қоймаған көгершіннің мамық жүнінің алақанына жайлы екенін жаңа аңғарды Әмір. Осыдан кейін көгершінді тіпті аяп кетті. Көмгенге қимай тұр.



Енді ол көгершінді Ерасыл қазған шұңқырға жатқызбақ. Өлген құсты жерге түсіріп алмау үшін екі қолымен ұстап, құсты бір жақ жамбасына жатқызды. Үстін қалың қатты қағазбен жапты, оған целлофанды жайды. – Енді ешқандай мысық жемейді, мұрнына иісі де бармайды. Жайбарақат ұйықтасын. Сен бұл жерді ешкімге айтушы болма. Артем мен Рома естісе, олар қазып алып ойнайды, - деді ол көгершінді жайғастырған соң.

Ерасыл жолдасын қостап:

- Олар кішкене. Өліп қалған көгершінмен ойнамау керектігін білмейді, - деді.



- Сен Камилканың үйінің қасындағы құмда жатқан шелекті алып кел. Мен сені күте тұрайын, - деп еді. Ерасыл көрші тұрған үйге аяндады. Оның бұл жүрісі Әмірге ұнамай:

- Тез! Жүгір! - деп дауысын қатаң шығарды. Ерасыл үндеместен жүгіріп кетті. Ол келгенше Әмір құм төгілген жерде күтіп тұр. Ерасыл әкелген шелекті Әмір құмға толтырып оған қайта ұсынды.

Ерасыл Әмірдің ылғи бұйырып сөйлейтініне үйреніп алған. Ол әдеттеніп кеткен. Әмір осылай жалғыз Ерасылға ғана емес, бәріне солай. Оның айтқанына басқа балалар да көнеді. Күні кеше ғана балалар мектептің алдындағы аулада ойнап жүрген. Әмір мектептің кіреберісінде діңдері біріне бірі матасып тұрған талға мініп алып, аяқтарын тербетіп отырған, Ерасыл жіңішке темір қорғанның үстімен, қанатта жүргендей, жүрді. Онысын көріп отырған Әмір: “Олай жүрме, құлап қаласың. Мен қорқамын” деді. Ерасыл үндеместен әрі қарай жүріп есіктің жақтауына дейін барып қайтты. Бір-екі рет құлап қала жаздады, бірақ қолдарын екі жағына жайып жіберіп, қалықтап барып тік тұрды. Ол Әмірмен теңескенде, жерде тұрған Ербол үлкен теректің жуан бұтағына шығуды ұсынды. “Онда түнеуге болады. Қуысы бар” деді ол. Әмір талдан, Ерасыл қорғаннан секіріп түсіп басқа балалармен терекке жүгірді. Әмір келіп оларды екіге бөліп, шіретпен көтерілгізді. Балалар бұтақта отырғанда өзі жерде тұрып, топтың ортасын ашуды бұйырды. Олар екіге бөлініп, Әмірді биікке қолынан тартып көтеріп алды. Бұлардың біреуі Ерболдың көрсеткен орнына шынтақтап, екіншісі шалқалап жатты. “Қатқан. Жатуға болады. Түнейік” деп ұсыныс жасады Ерасыл. Кейбіреулері бұтақ пен ағаштың бастарына қарай өрмеледі. Олар бұтаққа атша мініп аяқтарын салақтатып бауырлап

жатып алған. Олар ағашта біраз отырған соң жерге түсіп, әр жаққа бытырап жүгіріп кетіп қалды... Бұйырып сөйлеу Әмір үшін кәдімгідей. Оны өзі де байқамайды. Бүгін де Ерасылға бұйрықтарды беріп тұр. Өзі бір сардар іспеттес.



- Мә, апар, - деп бұйыра сөйледі Әмір Ерасылға.  
- Әлгі шұңқырға төк. Мен құмды жинай берейін, - деп өзі жүресінен отырып шелекті құмға толтырды.

Осылай Әмір мен Ерасыл алмакезек ойыншық шелекпен құм тасыды. Шұңқыр толған соң үстін топырақпен жапты. Кішкентай төмпешік пайда болды. Бұл таяуда ғана тірі жүріп, өлген көгершіннің белгісі. Оны адамдар сияқты жоқтап жатқан басқа көгершіндер жоқ. Олар есік алдына келіп жорғалап, шоқақтап нәпақа іздеп, теріп жеп жүр. Қандастарының өлгені көперлеріне кіріп-шығар емес.

- Болды, - деді Әмір күректі жерге қойған соң алақанын уқалап.

- Мен күректі Артемға апарып берейін.

- Әкел шелекті. Мен Камилкаға апарам, - деп екі бала екі жаққа жүгіріп кетті.

Әмір кетіп бара жатып аулада өсіп тұрған шие ағашының түбіндегі көлеңкеде тұрған Әдинані көрді. Ол:

- Болдыңдар ма? – деп сұрады.

- Көмдік. Ешкімге айтушы болма, әсіресе Артем мен Ромаға, олардан кіші Данияға да.

- Айтпаймын.

- Сен не ғып тұрсың? – деді Әмір.

- Бір қызды күтіп тұрмын, - деді Әдина сызылған дауыспен. Ол төртінші қабатта тұратын Әсемнің терезесінің тұсында тұрған. Әдетте кішкене қыздар Әсемді айғайлап шақырып алатын. Жасы бірдей болса да, Әсем басқалар үшін құдды бір үлкен кісі сияқты. Бүгін Әдина жалғыз болған соң Әсемнің шыққанын күтіп тұр. Әдина подъезден көрінген Әсемге қарай жүрді. Әсем басқа қыздарды биге үйретеді. Бүгін оның қолында қуыршақ. Олар ауланың келесі жағындағы ағаш көлеңкесіне бет алды. Әсемнің қолында одеяло мен көрпеше бар. Соларды төсеп қуыршақ ойнамақ. Әдина барып подъездің қасына тығып қойған ойыншық ыдыс-аяқтарды әкелді.

Қыздар ойнайтын ауланың екінші бөлігі Нина апаның ескерткіші сияқты. Ол Юра атамен қосылып гүлденетін және жеміс беретінағаштарды отырғызып, түптеп, суарып отыратын. Көктемде қарамойыл мен сирень ағаштары гүлденгенде жұпар иістері бүкіл ауланы алып кетеді. Және ауланы көркейтіп жібереді. Осы әже мен атаның арқасында ауланың екінші бөлігі ағашты. Онда балалар ойнайтын ойын орындары да бар.

Өз подъезінен шыға келген Ардақ:

- Көгершінді көмдіңдер ме? – деп сұрады

Әмірден.

- Оны қайдан білесің?

- Әдина айтты.

...

Балалар осылай бірінен соң бірі естіп Әмір мен Ерасылдың көгершінді көмгендерінен хабардар болып қалды. Бірақ Әмір мен Ерасыл көгершін жатқан жерді сұрағандарға айтпады. Өз сөздеріне берік!

Күн ыси бастағанда аулаға балалар жинала бастады. Аула үлкен, көпқабатты үйлердің ортасында орналасқан. Ауланың бірінші жартысында балалар ойнау үшін бұрын кішкентай ағаш үй тұрған, тақтаймен қоршалған үлкен қорапта құм жататын, биік “саңырауқұлақ”, жерден сәл жоғары қойылған ұзын жалпақ бөрене, тағы басқа ойын орындары болатын. Қазір солардың бірі жоқ. Слава аға катокқа жерді қоршаған. Оған тұрғындар қарсы болып, біреу катоктың дәл ортасына құм төгіп тастаған. Балалар сонда ойнап жүретін. Ол құмды көршілер пәтерлерін жөндегенде алып кетті де, енді катоктың орны бос жатыр. Құмның қалдығы шашылып қалған. Кейде күн ұясына қонған кезде каток алаңының шетінде орнатылған орындыққа жайғасқан апалар қас қарайғанша өткен-кеткенді айтып әңгіме-дүкен құрады. Каток алаңына шөп шығып кеткен. Әмір мен Ерасылдың көгершінді жерлеп жүргені соның бір бұрышы. Балалар енді Ерасылдың подъезінің алдына төгілген бір машина құмның үстінде ойнайды. Бірінші күндері құмды төккізген апай балаларды қуушы еді, нәтиже болмаған соң қойған. Енді олар сол құмды шашып тастаған.

Құлағдар болған Артем жүгіріп келіп:

- Көгершінді қайда көмдіңдер? – деді, ылғи

шапқылап жүретін, аптығып тез сөйлейтін ол. Сөйлегенде ышқынып бар күшін салады, көздері жайнап, мұрны едірейіп кетеді. Осынысымен қызық Артем.

- Қайтесің? – деді Әмір.

- Көрейін деп едім.

- Көмген жерді ашуға болмайды.

- Неге?

- Әжем айтты. “Өлген құс мәңгілік ұйқыға кетті. Енді оның мазасын алуға болмайды” деген.

- Сен әлі кішкенесің. Балалар бақшасына барасың. Болмайды, - деді Ерасыл.

- Жо-оқ. Мен үлкенмін, - деген Артем оның айтқанын ұнатпай төмен қарап, қолындағы ойыншығын умаждап, орнында тұрып бір аяғынан екінші аяғына теңселді. Не айтарын білмей ойланып қалды.

- Мен де, Әмір де екіншіге барамыз, - деді Ерасыл өздерінің үлкендігін көрсеткісі келіп.

- Мен де мектепке барам. Мен де сен сияқты үлкен болам. Мен сенен бұрын мектепке барам. Көресің. Мамама айтамын, - деп Артем үйіне шешесіне шешімін айтуға жүгіріп кетті.

Әмір мен Ерасыл енді не істейтіндерін ойлап тұрған. Доп ойнайық десе аулада екі жеңіл машина тұр. Виталий мен Евгений ағалар машиналарын аулаға кіргізбейді, шетіне қояды. Осы үйде тұратын ата мен аға олай емес, машиналарын балалар ойнайтын жерге қойыпты. Қазір сол машиналар бөгет жасап тұрғаны.

Кішкентай балаларға бәрібір, біраз жер болса ойнай береді. Әне Ардақ, келді де асау атша, жүгіріп келіп басын кеудесіне тығып еңкейді де, құмға арқасымен домалап түсіп аяғына тік тұра қалды. Машинаның алдына жетіп қалған ол, оның

бамперіне соғылып қала жаздады. Оған қарап тұрған Нәби Ардақ сияқты домаламақ болып еді, істей алмады. Құмға аркасын төсемек болған ол, оң иығын қойып қалып жамбасына құлап түсті. Ол құмда жатып Ардаққа құм шашты. Екеуі төрт тағандап тұрып екі аяқтарының арасынан біріне бірі борандатты. Нәби тұрмақ болып көтеріле бергенде, Ардақ құмды шашып қалып, оның көзіне кіріп кетті. Нәби дауыстап жылап жіберді. Көзін уқалап жерге жата кетті. Ардақ жүгіріп барып Нәбиді тұрғызып алды. Қояр емес. Көзін уқалап жылап тұр. Ерасыл жүгіріп барып үйінен су алып келіп, көзін жуғызды. Нәби жылағанын қойып, көзін уқалаған бойы үйіне кетіп қалды.

Ардақ жиналып қалған балаларға:

- Мен әдейі істеген жоқпын. Оның ойнамай, маған жәй қарағанын білмей қалдым, - деп жолдастарының алдында ақталып жатыр.

- Жарайды. Бар добыңды алып кел, - деді Әмір.

- Әне. Машина, - деді ол аулада тұрған машиналарды нұсқап.

- Әне, ата келе жатыр. Кетеді, - деп келе жатқан шашы ағарған үлкен кісіні көрсетті Әмір.

Ерасыл доп алып келгенше балалар топтасып алды. Әмір мен Ардақ екеуі, Ербол Ерасыл, Әлихан, Әділдармен қосылып екі команда құрып ойнайтын болды.

Әмір:

- Біз қақпаға ешкімді қоймаймыз, - деп ойын алаңының ортасына шықты. Ардақ алаңның бір шетіне барды.

- Ендеше мен қақпашы боламын, - деп Ерасыл қақпаға тұрды.

Ойын барысында Ербол Әмірге қарсы ойнайтын болды. Ерболдың екі жағынан Әлихан мен Әділ

тұрды. Ерасыл допты ойынға енгізбек болып теуіп қалып еді, өзі шалқасынан түсті. Доп жоғары көтерілмей, жермен домалап, қарсы жүгірген Әмірдің аяғына ілінді. Ербол жүгіріп жеткенше теуіп үлгірген доп Әмірдің аяғынан Ерасылдың қақпасына кіріп үлгерді. Бірден осылай болады деп не Ербол, не Ерасыл ойламаған еді. Ерасыл тағы допты ойынға қосты. Бұл жолы доп жоғары көтеріліп алаңның ортасынан асып түсті. Ербол жүгіріп, допқа Әмірден бұрын жетіп олардың қақпасына кіргізді. Есеп теңбе тең болды. Енді допты Әмір ойынға енгізбек болып, допты аяғының ұшымен домалатып алаңның шетіне қарай, Ардақ жакка жүгірді. Соған бермек болды. Бірақ оған қарсылық жасамақ болып Әлихан жүгірді. Ол жете бергенде Әмір оның бағытының шетіне шығып, допты аяғымен баса қойды. Әлихан жүгірген бойы бар пәрменімен Әмірдің қасынан өте шықты. Ол Әмірдің бұл әдісін ойламап та еді. Әлихан қайта бұрылып келгенше Әмір допты Ардаққа бермек болып алдына қарағанда, таяуда тұрған Әділ жүгірді. Ол екі-үш аттады да сүрініп құлап түсіп, мұрнын қатып қалған сары топыраққа соғып қанатып алды. Сөйтіп ол ойыннан шығып қалды.

Бұрын аулада шөп өсіп тұратын. Былтыр жердің астында жатқан суық су құбыры жарылып, жөндеу жүргізгенде ауланы қазған. Жер қазатын экскаватор кіре алмаған соң ауланың қоршауын алып тастаған болатын. Қоршау қайта орнатылмады. Енді ата, аға, апайлар машиналарымен аулаға кіріп, подъездің алдына дейін келетін болды. Өсіп тұрған шөп жаншылып, жер тақырланып қалды. Юра ата бұрын күнде кешке аулаға су себетін. Сондықтан ауладағы алма ағашына дейін бойлап өсіп, шөп көгалданып тұратын. Жел соққанда күм да борандатпайтын.

Юра ата балалар ойнайтын жерге көршілер машиналарын қоятын болған соң су себуді қойды. Тек терезенің алдындағы ағаштар мен өзі сепкен шөпке, отырғызған гүлдерге су құяды.

Үлкен кісілердің табиғатқа немқұрайды қарайтындарын кішкене балалар білмейді. Олар өздерінен үлкен кісілердің істегендерінің бәрін дұрыс деп санайды. Басқадай ойламайды. Сондықтан үндемей жүре береді.

Сөйтіп Әділ ойыннан шығып қалды да, допқа Ерболдан бұрын Ардақ жетіп Ерасылдың қақпасына жетіп үлгерді. Қақпашының қасынан допты енгізіп жіберді. Ерасыл ұстай алмай қапыда қалды. Ербол енді ойынды тоқтатып Әділдің орнына Санжарды енгізді. Бірақ одан нәтиже шықпады. Өйткені ол бұлармен доп ойнамаған. Айтпаса, допқа жүгірмейді екен. Ойынға қарап тұрғаны. Ендігі допты иемдену тартысы Әмір мен Ерболдың арасында өтті. Ерасыл қақпада тұрып қалды. Іші пысқан ол.

- Мен кеттім, - деп допты алып қойды.

- Неге? – деді ойынның қызығына еніп алған Әмір.

- Қарным ашты. Шөлдедім, - деді, Ерасыл допты қолтығының астына қысып алып үйіне кетіп қалды.

- Бәрібір біз жеңдік, Есеп алты да бес. Ендеше мен де кеттім, - деп Әмір де кетіп қалды. Балалар тарап кетті де, кейбіреулері басқа ойынға кірісіп кетті.

Артем, Рома, Даня болса велосипедтеріне мініп, есік алдындағы асфальт жолмен зырылдатып жүр. Олардың сырттарынан шешелері қарап тұр. Соның бірі тағы да доп ойнап жүрген балаларға қарап:

- Осыдан екі жыл бұрын аяғын жаңа ғана басқан Әлиханды өжесі аулада іздеп, зыр жүгіріп жүруші



еді. Басы ауған жаққа жүгіріп кетіп, көзден таса болатын да қалатын. Енді міне, доп ойнауға жарап қалыпты, - деп доптың соңынан жүгіріп жүрген балаларды қызықтап тұрған еді.

- Әжесінің жоғалтып алғанын білесің бе?

- Әлиханды жоғалтып алып іздегенде ғой?

- Иә, есімде. Аяғы шыққанын қызық көрді ме?

Бір жерде тоқтамай жүгіріп, сүрініп құлап қалушы еді. Тұрып ап, аяғы аяғына тимей жүгіре беретін.

- Сонда әжесі зорға тапқан.

- Үйдің сыртына кетіп үлгеріпті

- Әй, әжесінің абыржығанын-ай, сол жолы.

Кішкене балалардың бұл ойындары біткенде ересектеу Мәди мен Олжас келді. Екеуі де мығым денелі төртпақ, беттері торсықтай. Бұлар доптарын ала келіпті. Мәди:

- Әй, Әлихан мен Әділ, сендер қақпаға тұрындар,

- деп екі кішкентайды қолтықтарынан ұстап, жетелеп әкеліп қақпаның екі шетіне қойды. – Біз допты соғамыз, сендер ұстандар, - деді.

Әлгі екеуі ағаларға бағынып тұра қалды.

Алғашқы допты Мәди соқты. Әділ үмтылып допты ұстап еді, қарқыны сондай күшті болды, оны бұрып әкеткен күшпен жамбастап құлады. Ендігі кезек Олжасқа келді. Ол теуіп қалғанда доп Әділдің кеудесіне тиіп, оны шалқасынан түсірді. Әлихан мен Әділден нәтиже шықпаған соң Олжас қақпаға тұрды. Мәди теуіп еді, Олжас допты қаусыра ұстап алды...

### 3

Бетін тер басқан, үсті-басы топырақ немересін көргенде әжесі:

- Келдің бе? Құрылыста істегендей болып келдің

ғой. Бар. Шешін. Жуын. Әке-шешен көрсе ғой, жазанды берер еді, – деген әжесіне:

- Апа, біз өліп қалған көгершінді көмдік, - деп әжесінің ойын бөліп жіберді Әмір.

- Жарайды. Бар әлгі айтқандарымды орында да, ас бөлмеге кел. Шай ішейік. Кейін айтасың. Жалғыз тамақ іше алмай отыр едім, келгенің жақсы болды. Мен столға дайындай берейін, - деп өзі ас бөлмеге бет алды.

Түскі тамақты ішіп болған соң Әмір болған оқиғаны басынан аяғына дейін тәптіштеп айтып берді. Өздерінің ісіне оң баға алғысы келгендей:

- Әже, өнеукүні екінші подъездегі Алеша қарындасының күшігін есік алдына алып шығып, күйрығынан ұстап ап, басын кіреберіс қорашықтың қабырғасына тарс еткізді. Күшік дауысын шығарып та үлгермеді

- Өліп қалды емес пе? – деп өкінішпен сұрады әжесі.

- Иә, өліп қалды.

- Сен қалай ойлайсың? Алеша дұрыс істеді ме? – деді әжесі, немересін сынамақ болып бетіне қарады.

- Жоқ, - дейді Әмір пәк көңілімен.

- Күшіктің жазығы жоқ қой.

- Әрине, ол кісі сияқты ойламайды. Алешаның одан не талап етіп тұрғанын білмейді. Солай емес пе?

- Солай.

- Күшікті қайда тастады?

- Қоқыс тастайтын қорапқа

- Әрине, Алешаның істегені нағыз надандық, қанішерлік. Олай істеуге болмайды. Көгершін болсын, күшік болсын Құдайдың құдыретті күшімен жаратылған. Көгершінді көмгендерің дұрыс-ақ

болған, - деді әжесі Әмірге.

- Әже, мен де Құдайдың әмірімен жаратылдым ба?

- Иә, құлыным, сен де, - деп күлді әжесі. – Сосын ойындағысын жалғастырып кетті. – Адам да, жануар да, жөндік те дене мен жаннан тұрады. Дене адамның сырт көрінісі, сүйек пен еттен тұрады. Жан денеде болады, көрінбейді.

- Ми ше? – дейді Әмір.

- Ми дене мүшелеріне әмір беруші. Ми артқылы ойлаймыз, жүреміз, жұмыс істейміз, оқу оқысын, ойнайсың... Жан сана-сезімнен, ойдан бөлек. Жүрек тоқтағанда жан денені тастайды. Ұшып кетеді.

- Жан қайда кетеді екен?

- Оны ешкім білмейді, көрген емес. Бәлкім айдынды көлдің бетінде аққу боп жүзіп жүре ме екен? Әлде жаздың мамыражай күндерінде су қорының бетін аймалаған желмен бірге көңілі көлкіп, құшағын жая шалқи ма екен? Әлде көлдің бетінде жатып сумен тербеліп, бірдеңеге ренжіп толқын болып ажымдана ма екен? Мүмкін қатты дауылдарда буырқанған толқынмен бірге ашулана ма екен? Қайдам? Қалай болса да ғалымдар оның бар екенін және салмағын өлшеп дәлелдепті. Кейбіреулер адамның жаны келесі бір ұрпағына, тағы біреулер оны құсқа қонады дейді. Басқа да тұжырымдар бар. Жан кездейсоқ емес, бір кісінікі, басқаларға ұқсамайды. Сондықтан жанда сол кісінің рухы жүреді. Әр жан осылай ерекшеленеді. Әкесінің де, шешесінің де рухы балаларына көмекке келуге, балалары күйзелгенде оларды қолдауға дайын тұрады. Рух келесі ұрпағын еш тастамайды. Мен соған сенемін, - деп Жәмила басынан кешкен бір оқиғаны айтып берді: - Ана бір жылы біз Саржалдан келе жатқанбыз. Түн. Қараңғылығы сондай, тіпті

көзге шұқысаң көргісіз. Жауын аспан тесілгендей шелектеп төгіп жауып тұр. Папаң машинаны айдап келеді. Бір уақытта дала қыраны ма, әлде жапалақ па бір құс келіп машинаның терезесіне қонып, қанатын жайып көз алдын көрсетпей тастады. Тоқтауға мәжбүр болдық. Құс ұшып кеткен соң қайта жүрді.



Алдымыздан атқамінген біреу шыға келді. Жолға көлденең тұра қалыпты. Тоқтадық. Жылқышы екен. Ол жолдағы жыраның үстінен салынған көпірді жауын суының шайып кеткенін айтты. “Сайдың екі жағы да тіп-тік болып жарланып қалды. Көпір сайдың түбіне түсті. Бұрынғыдай жол ашық деп айдап келе жатып байқаусызда сайдың түбіне түсіп кетіп, мерт болуларыңыз әбден мүмкін. Кері қайтыңыздар,” деп біз бұрылғанша қарап тұрды. Біз жолға түсіп соңынан жүрдік. Машина жылдамдығын ала бастағанша әлгі жылқышы көзден ғайып болды. Өзі де, аты да көрінбей кетті. Қарап отырған біз бұған таң қалдық. ”Қайда жоғалып кетті?” дейміз.

Мен машинадағыларға:

- Аруақтарымыздың рухы қолдап бізге құсты да, әлгі жоғалып кеткен жылқышыны да кездестіріп

түр. Олардың дәу құсты жіберген аянын ұқпаған екенбіз. Көрдіндер ме? Біз кері бұрылмаған соң жылқышыны жіберді. Осылай біз бір ажалдан аман қалдық деп есептеңдер. Құдайға тәуба! Дәм-тұзымыз әлі таусылмаған екен. Мына кішкенелердің көз-жастары мен періштелері қорғап жүр, бақтары бар екен, - дедім мен.

Таза тыңдап отырған келіні:

- Айтқаныңыз дұрыс. Ермек көпірдің құлағанын қайдан білсін, ағынымен келе жатқан машина тура барып шұңқырға түсіп кететін еді, - деп қостады енесін.

- Түнде алыстағы көпірдің құлап жатқанын қараңғыда қалай көрем? Көрмес едім, әрине. Жақындағанда байқап қалып тормоз берсем де дөнеңе істей алмас едім. Батпақта машинаның дөңгелегі сырғанап кетер еді. Және мен тормоз беріп үлгере алмауым да мүмкін еді, - деді Ермек.

Әжесін мұқият тыңдап отырған Әмір:

- Сонда дәу құспен пен жылқышы кім? – деп сұрады.

- Олар әке-шешелеріміздің рухтары. Бізге солай болып көрініп, бізді ажалдан қорғап жүр, - деп жауап берді әжесі Жәмила. - Солардың жандары әлгілерге кірді, қимылдатты, солай бізге хабарлады. “Бармандар” деп құс тоқтағты, оны біз ұқпадық. Біз ұқпаған соң жылқышы болып алдымыздан шығып ескертті. Сол сайға бір “Жигулидің” түсіп кеткенін кейіннен естідік. Машинаның иесі есінен танып жарты жыл сұлық жатыпты. Есін жиғанда туған-туыстары мен бала-шағаларын танымапты. “Кім екендеріңді білмеймін” депті. Бұрынғы өткен өмірін ұмытып қалыпты. Әріптер есінен шығып, оқи алмапты. Туған-туыстарының, балаларының аттарын ұмытып қалыпты. Бізді Құдай сақтады,

аруақтарымыздың рухы көмектесті.

Манадан бері ойланып отырған Әмір:

- Алеша да біз сияқты күшіктің денесін көмуі керек пе еді, әже? – деп аңтарылып әжесіне үңілді..

- Иә. Ол да күшіктің денесін көмуі керек еді. Сендер көгершіннің денесін көмдіңдер. Сосын оның жаны тынышталды. Көмбесеңдер оның жаны денесінің қасында дамыл таппай ұшып жүрер еді. Дене жер астына түспейінше жанда маза болмайды. Денесі көмілгеннен кейін басқа жаққа ұшып кетті.

- Жанның өкпелеуі мүмкін бе? – дейді Әмір.

- Өкпелегенде қандай. Өліп қалған әке-шешесіне жұма сайын жеті шелпек пісіріп, Құраннан аят оқып отырмаса, аруақтардың рухы ренжіп қайтады дейді. Сондықтан жұма күні түске дейін аруақтарға арнап жеті шелпек пісіріп, күйген майдың иісін шығарса, бір аят құран оқытса, сауап болады, дейді. Сонда аруақтардың рухы риза болып, көңілденіп өз орындарына оралады екен. Олай істемесе аруақ ренжіп қайтады екен. Аруақтардың рухтарын ренжітпеу керек. Олар бізді ылғи да жебеп, желеп жүреді. Қазақта “аруақ атсын” деген сөз бар. Егер біреу кінәнді Құдайға немесе аруаққа меңзеп жатса, ол дүниенің ең қиыны, кісіге ауыр тиеді. Адам ренжігенде Құдайды көмекке шақырса, ол міндетті түрде көмектеседі. Әрине, дәл қазір емес. Осы өміріңде болса, оны өзің сезесің немесе ұрпағың бір жақсылықты көреді. Ақ ниетіңе шапағаты, жаманшылығыңа қаһары тиеді. Және Алладан керексіз ештеңені өтінуге болмайды деседі. Қалай көмектесу керек екенін өзі біледі... Байқамай, ағаттықпен біреуге жаманшылық істеп қалсаң, ол өзіңе қайтып оралуы мүмкін. Сондықтан ешкімге қиянат жасамау керек, тіпті оны ойласаң да. Адамды сыртынан жамандасаң да күнә боп есептеледі екен, -

деп сөзін аяқтады да: - Алешаның көрінбей кеткенін білесің бе? – деп сұрады Әмірден.

- Жоқ.

- Ол сотталып кеткен.

- Не үшін?

- Ол үшінші этаждағы пәтерге түскен, мектептің терезесінің шынысын сындырып аппаратурасын алып кеткен. Осындай ұрлықтары үшін сотталды.

- Сонда қалай? Күшіктің рухының өкпелегені ме?

- Иә. Ол да бар. Әр нәрсенің сұрауы бар. Не істесең де бекер кетпейді. Бәрі алдыңнан шығады.

- Апа! Сіз мені әр уақытта қолдап жүресіз бе?

Сұрақты орынсыз деп санаған Әмірдің шешесі Айгүл:

- Кет әрі. Мынаның айтып отырғаны несі? Олай деп әжеге айтуға болмайды, – деп ұрсып тастады баласына.

- Бала ғой. Оның көңілі пәк. Ойындағысын айтады. Жауап берейін: - Әрине, құлыным! Қай жаста болсаң да, қайда жүрсең де сені қолдап жүремін.

- Әне, апам айтты ғой, “қолдаймын”, деп. Әмір тәптіштеп болмаған соң:

- Енді далаға барып ойнап кел, әйтпесе қайдағы жоқтыны тағы сұрайсың, - деді шешесі.

Әжесі қолдап:

- Бара ғой жаным. Оқуыңа бір-ақ ай қалды. Ойыныңды қандырып ал, - деп басынан сипады.

Кешке келгенде Әмір:

- Әже, мен бағана радуга көрдім. Әдемі болады екен. Полукруг қызыл, сары, жасыл болып аспанды әдеміледі.

- Кемпіркосақты көргенің - бақытыңа. Бақытты болады екенсің. Иншалла. Бірақ радуга деген қазақша кемпіркосақ деп аталады, полукруг – шеңбердің

жартысы ғой. Мұның бәрі орысша оқығандықтан.

- Апа, мен екінші класқа қазақша оқуға барайын деп жүрмін, - деді.

- Дұрыс. Оныңды қолдаймын. Мен саған көмектесем. Мамандығым – мұғалім еді ғой. Орысша оқысаң көп нәрсені білмей қаласың. Отбасы, ошақ қасы тілі – алдамшы. Әдеби тілден мүлде құрдым қаласың, – деп қуанып қалды әжесі.

Келінімен қалған Жәмила немересімен сөйлескен әңгімесінің желісін әрі қарай жалғастырды. Біз ашаршылықта туып, соғыстың зарлы заманымен есейдік. Солай бола тұрса да қуана да, ренжи де білдік. Орыстана кетіп жаздап, әйтеуір халқымыз өз дәстүрін, тілін, діні мен ділін сақтап қалды. Міне өздерің - біздің балаларымыз, жақсы боп өстіңдер. Ермек бизнесмен болса, сен финанс саласының белгілі бір маманысың. Олай болса біз, бізден кейінгі сендер дұрыс бағыттасындар. Әке-шешемізден көргенді біз орындадық, бізден көргендеріңді сендер істеп келесіндер. Ендігі міндет сол көрген-білгендеріңді балаларыңа аманат етіп үйрету. Ділдің өзі халықтың төлқұжаты іспеттес. Діл артқылы халқымыз басқа халықтан ерекшелінеді, қазақ болып танылады. Сол қазақ халқының ділінің бір кішкентай ғана саласы дейміз бе, қалай деп атасақ та, түс жору деген бар. Ол наным-сенімге жатады. Бұл да халқымыздың ерекшелігін білдіреді. Бір мысал келтірейін. Ертеде бір шал мен кемпірдің үш ұлы, үш келіні болыпты. Кіші келіні түсінде екі қасқырдың талағанын абысындарына айтыпты. Олар түсті жорығанда: “сені екі қасқыр талайды екен” депті. Әлгі келіншек “менің азудай алты ағам бар. Олар арыстан келсе де, арашалап алып қалады. Мен соларға кеттім” деп ағаларына кетіп қалады. Аңнан оралған атасы үйіне келсе, кіші



келіні жоқ. Басқа келіндерінен сұрастырса, олар мән-жайды айтады. “Әттең-ай! Дұрыс жорымаған екенсіңдер. Ол екіқабат екен. Қасқырдай екі ұлды дүниеге әкелмек” деп өкініп, санын бір соғып, келінінің артынан шаба жөнеледі. Жолда келінін екі қасқырдың талап, анадай жерде жатқан шаранадағы екі баланы көреді. Осыны көрген шалдың көңілінің қандай күйге ұшырағаны айтпаса да түнікті. Міне қалай болған? Өкінішті емес пе?! Түсті қалай жорыса, солай болады деседі. Тегінде түсті тек жақсылыққа ғана жору керек дейтін ата-енем. Егер оған келмесе, “түс түлкінің қиы” деп қоя салу керек екен... Осы жерде сөздің салмағы туралы айта кетейін. Сөз, шіркін, адамды қуантады, ренжітеді, жақсылыққа, жамандыққа жетелейді, туыстарды жақындастырып, араларын да ашады. Сөзді байқап айтқан жөн. Естігенімді сендерге жеткізейін. Бір шәкірт ұстазынан: “Күзде ұшқан құстардың бәрі көктемде өз ұяларына орала ма?” деп сұрақ қойыпты. Ұстазы оған: ”Бәрі. Тек бірақ құс оралмайды. Ол – сөз. Сөзді айтардан бұрын ойланып алу керек. Оны қайтарып ала алмайсың. Құстар сияқты қайта орнына қоя алмайсың” деп жауап беріпті. Қандай дұрыс айтылған. Түсті жорығанда абысындары ойланып айтса, өлгіндей болмас па еді?! Міне, қандай сөздің салмағы!

Ене мен келін арасында орнаған мөлтік сезім әрі қарай жалғаса берді. Айгүл:

- Апа, сіздің рух туралы айтқаныңыз көкейімнен кетпей отыр. Өте қатты әсер етті. Табиғаттың біз түсінбейтін ғажайып қылықтары көп. Оларға ғалымдар жауап іздеуде. Бірсыпыра уақыт өтіп кетті, мен бір жерден мынандай болған оқиғаны оқыдым. Оқиға Америкада болыпты.

Жүйткіп келе жатқан поезбен қатар шашы

жалбыраған әйел жүгіріп отырады. Машиниске қолын бұлғап, поезыңды тоқтат дегендей белгі береді. Әлгі аң-таң боп түкті ұқпай қарап тұрады. Сексен-жүз шақырым жылдамдықпен келе жатқан поезға ілесу деген ғажап қой. Оған кім болсын таңғалады.



Бір мезгілде әлгі әйел поездың алдына шығып екі қолын жоғары көтеріп, айқастырып тұра қалады. Машинист поезын тоқтатып, бұл не ғажап деп электровоздан түсіп, алдындағы жолға шығады. Қараса әлгі әйелдің артында құндақтаулы бір бала жатыр. Баланы көтеріп алып, кабинасына әкеледі. Поезды тоқтатқан әйел жоқ боп кетеді. Бұл не құбылыс деп зерттейді. Сөйтсе, әлгі баланың әкесі басқа бір әйелге ғашық болып, соған үйленбек болады. “Маған үйленгің келсе, әйелің мен балаңның көзін жоғалт” дейді әлгі әйел болашақ күйеуіне. Еркек әйелін қаза ғып, баласын темір жолдың үстіне қойып кетіпті. Әлгі поезбен жарысып жүрген

рельстің үстінде жатқан баланың анасының рухы екен. Міне қандай ғажап!

- Оның шындық. Болуы мүмкін. Сенемін. Бала мен шешенің арасында қашан да ғажайып сезім болады. Олардың арасын халқымыз жатыны артқылы баламалап жатады ғой. Ол тегін емес. Өйткені бала ананың бойына біткен күннен бастап содан қоректенеді, оның мінез-құлқын бойына сіңіріп, сезіп жатады. Іште жатқан балаға жақсы кітап оқып, жақсы музыка тыңдату керек десіп жатады. Ғалымдардың бұл айтқандарына келісемін. Қашан да болсын бала анаға, ана балаға жақын тұрады.

- Сіз де оқыған шығарсыз: кісі тиеген машина жолда келе жатып қияның шетіне қисайып, аударыла жаздап тоқтап қалады. Үлкендердің бәрі секіріп түседі де, ішінде кішкентай бала қалып қояды. Баласына қауып төніп тұрғанын білген ана әлгі дәу машинаны, басқа біреу баланы алып шыққанша, тіреп тұрады. Сөйтіп бала аман қалады. Әйелдің орнына бірнеше еркек тұра қалып, әлгі машинаны дөңгелектеріне тұрғызбақ болады, бірақ шамалары келмепті. Сонда баласын арашалаған талдырмаш анаға анандай күш қайдан келді екен? Ғажап емей немене! – деп Айгүл тағы бір мысал келтірді.

- Әйтеуір әңгіме болсын. Бұл да болған оқиға. Осы қалаға ауылдан бір әйел келеді. Жетегінде үш-төрт жасар баласы бар. Базарға бармай ма. Көп кісінің арасында баласын жоғалтып, таба алмай қалады.



Көпшілік баланы милиционерге тапсырады. Баладан: “Мамаң қандай еді? Басқалардан қалай айыруға болады?” деп шешесінің ерекшелігін білмек болады. Сонда бала: “Менің мамам бәрінен де жақсы!” деп жауап беріпті, - деді енесі Жәмила.

- Белгісі сол екен ғой, - деп келіні мен енесі күлісіп алды.

- Айта берсе адамның миы жетпейтін құбылыстар өте көп қой...

\*\*\*

Әмір далаға шығып Ерасылды тауып алды. Ылғи соны іздейді де жүреді. Олардың танысқаны да кездейсоқ болған. Жаңадан көшіп келген Ерасыл есік алдына шығып тұрған. Ешкімді танымайды. Балалармен қалай танысарын білмейді. Ойнағысы

келеді. Не істеуі керек? Үйге қайта кіріп, велосипедін алып шықты. Қараса, артқы дөңгелегі желін жіберіп қойыпты. Қайта барып ниппелін алып келу керек. Жанына Әмір келе қалды.

- Ұстай тұршы, - деп велосипедті ұстаса салып, өзі үйінен ниппельді алып келіп, бұрынғысын ауыстырды. Насосты ұмытып кетіп, тағы барды. Велосипедті тағы да Әмірге ұстатып кетті. Дөңгелекке жел жіберіп велосипедін тепті. Қарап тұрған Әмір:

- Мен теуіп келейінші, - деп сұрап алып, ол да ауланы бір айналып келді. Осылай олар танысып кетті. Енді олар аулаға шықса біріні бірі іздейтін болды.

Қазір де солай. Ерасылдың велосипедін шығарып, теуіп жүр. Бұлар ауланы айналып жүрсе Ромалар есік алдында. Рома алда, “ию, ию,...” деп велосипедімен екпіндетіп келеді, артында өзі сияқты екі бала. Олар Романың артынан бірінен соң бірі велосипедтерін айдап келеді. Бұлар алысқа ұзамайды, себебі әрбіреуінің қарақшысы бар.

Кішкентай қыздар подъездің қасында қуыршақ ойнап отыр, тағы біразы коробкадан үй жасап “отбасы” ойынын қызықтауда. Ербол, Санжар бастаған бір топ балалар футбол ойнап жүр.

...

Бұл жексенбі күні-тін. Жәмила келіні Айгүлмен Әмірдің көгершін туралы хикаясын айтып күліп алды. Үйдегі балаларының қылығы Айгүлді балалық шағына жетелеп өкетті:

- Апа, мен өзім туралы бір қызық әңгіме айтып берейін, - деп еді, енесі келініне бұрылып, көзілдірігін дұрыстап, күлімдеп:

- Айтшы, - деп оған көзін тікті.

Айгүл әңгімесін айтпай жатып күліп алды. Онысы енесін тіпті қызықтырып кетті.

- Мен Әсетпен едел-жедел өстім. Екеуміз алысып керемет ойнайтынбыз. Қыз болсам да мен оған берілмейтінмін. Әсетке қосылып доп ойнайтынмын. Оның жолдастарының өтінішімен қақпаларында тұратынмын. Допты жақсы ұстайтынмын, - деп күліп алды. Көзі жайнап кетті. - Телевизордан каратэні көргенде, тесіліп караушы едім. Мені балалар бақпасына төрт жасқа толғанымда берді. Шешем мені тәрбиешіге тапсырып, өзі жұмысына кетіп қалды. Тәрбиешімді кенеттен бастығы шақырып еді, ол мені дәлізге тастап соған кетті.



Қарасам алдымда үш-төрт ер бала тұр. Маған тесірейіп қарап қалыпты. Оларды көре салысымен маған бір күш пайда болды. Екі қолымды джинс шалбарымның қалтасына салып, басымды жоғары көтеріп, тәкаппарлық кейіппен аяғымды қисайта басып, адымдап, теңселіп жүріп келем. Оларға жете бергенде телевизордан көргенімдей бір аяғыма тұрып еңкейіп, екінші аяғымды көтеріп, сол қолымды созып, он қолымды көтерген аяғыма қойып: “Қи – ия!” деп дауысымды шығарып, тұрған жерімде шырқөбелек айналдым да, бұрынғы позамды сақтап, соларға бедірейіп қарадым. Олар: ”О...о! Қарай гөр өзін!” деп көздері бақырайып таңғалып, тапжылмастан маған қарап орындарында тұр. Сосын аяғыма тұрып әрі қарай жүрдім. Балалар маған қарап мелшиіп тұрып қалыпты. Қастарынан өттім. Маған соқтығатын түрлері жоқ. Балабақшаның есік-тесігін білмейтін мен бір есікке тап болып, содан далаға шығып едім, тағы бір ер бала маған тесірейіп қазық жүтқандай сіресіп, қарап қалыпты. Менен көзін айырар емес. ”Бөтен қыз қайдан пайда болды?” деп тұрған болуы керек. Мен еңкейіп жерден кішкентай тасты алдым да сол бойымда қалып бір аяғыма тұрдым да, екінші аяғымның ұшына тірелдім, көзімді бақырайтып, оған қарап “Ыһ!” деп қатаң дауыспен ақырып қалдым, тасты лақтыратындай қолымды сермеп қалып едім, өлгі бала қашып кетті. Сермегенде тасты қолымнан шығарған жоқпын. Жай ғана, иығымның түсына әкеліп тоқтай қалдым, - деп ішек-шілесі қатып күлді. Келінінің әңгімесіне енесі де қосылып күліп жатыр. Екеулеп күлді. Соңында Айгүл:

- Оның бәрі оқуға барған соң қалды ғой, - деді жымыып.

- Неге өйтіп жүрсің?

- Балалар бақшасына барар алдында әжем: "Онда бұзық балалар болады. Сен қорықпа. Әсетке қандай приемдарды жасаушы едің, сондайларыңды басқаларға көрсет. Сосын олардың өзі саған тиіспек түгілі, сенен қашып жүретін болады" деген. Сондықтан ғой ерленіп жүргенім, өйтпесе мен каратэнің секциясына барған емеспін, - деп езуін тартып күліп жатыр Айгүл. - Осыдан кейін бе, әйтеуір, балалар бақшасында қанша болсам да, маған балалар тиісіп көрген емес

- Шіркін, балалық шақ! Қазір ондайды қалай өтінсе де істей алмайсың ғой, - деп жатыр Жәмила.

- Әрине. Қайдан. Сүйегім қатып кетті ғой. Әйтпесе, құрбыларыма сол амалымды көрсетер едім, - дей күліп жатыр Айгүл.

- Баламысың деген осы. Өмірдің қылықтарының арқасында, өне, балалық шағыңды еске бір түсіріп алдың.

"Осындай енеге кездестірген Алла тағалаға мың да бір рахмет! Өзім қартайғанда қандай кемпір болады екем. Енем сияқты ма?!" деп ішінен ойлады Айгүл, әрқашан жайбарақат әңгімелесе алатын енесіне көңілі жай болып.

Күн кешкіре бастаған. Шілде айындағыдай аптап ыстық жоқ. Аспан ашық болса да күн нұры топырақты қыздырар емес. Қоңыр салқын. Ағаш жапырақтары, бірен-сараны болмаса, әлі сарғаймаған. Көлеңкесін жайып тастаған. Бұл келе жатқан күздің алғашқы белгісі еді.

Аулада ылғалды күмнан үй, үңгір, төсек, күман жасап кішкентай қыздар ойнап отыр.

Ер балалар екпіндеп келіп екі қолдарына тіреліп, аударылып аяқтарына тік тұра қалып, біріне бірі күмды борандатып шашуда. Енді біреулері допты қуалап қақпаға кіргізе алмай таласып жатқандары.





Бұлардан кішілері есік алдындағы тротуарда велосипед теуіп жарысып жүр. Жарыста бірінші боп Артем келеді. Оның соңында Даня мен Вадик. Оларды үлкендер қадағалап қарап тұр.

...

Қырқынан шықпаған Едіге балалар бөлмесінде ұйықтап жатыр. Ақерке басқа бөлмеде ойыншақтарымен ойнап, қасындағы атасы газет оқып отыр. Баланың ұйықтағанын пайдаланып шешесі ас бөлмесінде түскі тамақты әзірлеумен жүрген. Пәтердегі орнаған тыныштықты Едігенің жылаған дауысы бұзды. Шешесі барып тексеріп еді, асты су боп қалыпты. Жайылықты шешіп баланы босатқаны сол еді, қасына Ақерке жүгіріп келіп Едігені ұрмақ болып қолын көтерді. Шешесі:

- Қой ұрма! Бауырың емес пе. Бұл әлі кішкене. Едігені сен жақсы көруің керек, - деп Ақеркенің төнген қолын бұрып жіберді. Ол үндеместен тағы ұмтылды.

- Папа, мынаны алып кетіңізші, - деп әкесін шақырды жас ана.

- Қызғанып жүр өзі, - деп атасы Ақеркені алып кетті. Сол бетімен киіндіріп есік алдына шықты.

Бір жарым жасар Ақерке Шайхан атасына қолын созып, көтер деп тұр. Атасы оған: “Алға! Алға!” деп қолын алға нұсқап еді, ол ілгері екі қадам басып, қолын тағы көтерді. Онысы “қолыңа алшы” дегені. Атасы оны қолына алып еді, енді Ақерке атасына: ”Алға!” деп, алға қарай қолын созды. “Қарашы өзінің” деп атасы біраз алға жүріп еді, Ақерке жерге түсіп жүгіріп кетті. Атасы оны қуып жете алмай артынан жүгірді.”Қап! Жеткізбеді-ау мынау! Құлап қалар ма екен” деп қолын созып немересінің соңынан үмтылды.

... Есік алдында ойнап жүрген балалардың ішіндегі ең кішкенесі Жаннұр. Ол аяғын жаңа ғана басып жүр. Жүруіне көмектеспек болған шешесі Қымбат қолынан ұстап жетелейді. Баласының алғашқы қадамдарына анасы мәз, қуанышта.

... Екі-үш әйел аулада ойнап жүрген балаларын анда-санда бір қарап қойып, өзара әңгімелесіп тұр.

Биік үйлердің ортасында орналасқан ауладағы балалар ойынының бір күнгі көріңсі осылай болды.

#### 4

Биыл ағаштар үшін жыл ерекше болды. Әдетте теректер маусым айында мамықтанып, дөңдерін жерге сеуіп тастайтын. Биыл олай болмады. Қырқүйек келе салысымен күз белгісін бірден берді. Аспан ашық, шүйкімдей де бұлт

жоқ. Айнала тып-тыныш. Бұрынғыдай дамылсыз ойнап жүрген балалар жоқ. Олар мектепте, немесе балалар бақшасында. Далада тұрып жоғары қарағанда көкпеңбек аспан тұңғиықтанып алыста жоғалады, осыдан әлемнің шексіз екені хабар беріп тұрғандай. Күн шуағын қанша төксе де ауа салқын. Ауланың әр жерінен көрінетін шөп сарғайып, қурап жерге жатып қалды, ағаштар аз күннің ішінде жапырақтарын алтын түстендіріп, бір-екі аптаның ішінде желмен бірге тербеліп, өзара сыбырласып, бір ымыраға келгендей, жерге түсіп үйіліп қалды. Жаздың ыстық кездерінде дамылсыз еңбектеніп жүретін құмырсқалар да көрінбей кетті. Осылай табиғаттағы бар тіршілік бір мәмлеге келіп тыныштала қалыпты.

Оқу жылы басталысымен аулада балалар жоқ, жетімсіреп қалғандай. Бұған бояу беріп тұрған табиғаттың өзі де. Жер жасыл шөптен, ағашты көркендіріп тұрған жапырақтан айрылған соң қарайып кетті. Төңірек сұрланып кеткен. Балғындардың у-шуы есік алдының сәнін келтіріп тұратын. Қазір әркімі әрқайда. Артем балалар бақшасында, Даня әжесінің үйінде... Әмір айтқанында тұрып екінші сыныпқа қазақ мектебіне барды. Оған мектеп үйден қашық. Ерасыл болса сол есік алдындағы орыс мектебінде оқып жүр. Достар бос уақыттары бола қалса, кездесе кетеді.

Демалыс күні болатын. Әдеттегідей Ерасыл мен Әмір есік алдына шықты. Екеуінің де қолында ұй сыпыртқыштары. Олар тротуардағы жапырақтарды жинап, ернеуінен асырып құлатып жатыр. Қастарына Әлихан келе қалды.

Ерасыл оған:

- Әлихан, үйіңе барып қалақ алып кел. Жапырақтарды біз тротуардың шетіне жинаймыз.

Сен бордюрден асырып күреп таста, - деді.

- Неге тротуарды тазалап жатырсыңдар? – дейді Әлихан.

- Нәля апа демін алсын. Ол қартайған, - дейді Әмір. Ерасыл оны қостап:

- Мамам айтады: Нәля апаның демалысы жоқ, күнде ауланы тазалап жүреді. Тіпті дүкенге бара жатып көлденең жатқан бұтақты көрсе көтеріп жүргені, дейді.

Осылай үш бала өзара әңгімелесіп жүріп тротуардың бірсыпыра жерін тазалап тастады.

Қарашаның ортасына үш-төрт күн қалғанда бірінші қар жауды. Бұл жылдағыдай емес. Бұрнағы жылдары алдымен бірнеше рет жаңбыр жауып, жерді суға тойдырып, сосын ғана қар жауатын. Табиғаттың бұл құбылысына кейбір адамдар: ағаштардың бойына су бармады, түбі кебе бастады, десіп жүр. Қар түні бойы жауып, жерді ақ мамыққа бөлеп тастады. Бірақ ертеңінде күн жылынып ери бастады. Есік алды шалшық-шалшық су болды да қалды. Ауладағы жер жібіп қар аралас балшыққа айналды. Қазір бұрынғы тамыз айындағыдай аулада балалар дауысы мен күлкісі естілмейді. Аула жүдеп түр. Анда-санда далада жүрген Әмір мен Ерасылды көруге болады. Бұлар ойнаса да көп жүрмей үйлеріне кетіп қалады. Әлгі “Балалы үй базар, баласыз үй мазар” деген осындайдан айтылған болар.

Тамыз-қараша, 2008жыл  
Семей

Калиакпаров Шаймардан Ахмарович

**БАБУШКА И ВНУК**  
/на казахском языке/

**Рисунки: Махаббат Мухаметжановой,**  
студентки Семипалатинского Государственного  
педагогического института, факультет  
изобразительного искусства и черчения,  
**Айгерим Азимхановой,** студентки  
Семипалатинского Государственного  
университета имени Шакарима,  
факультет информационно-  
коммуникационных технологий

Басуға қол қойылған күні 24.11.08 ж.  
Пішімі 60x84/16 Офсеттік қағаз  
Шартты баспа табағы 3,25  
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 57

071400 Семей қаласы  
Шугаев көшесі, 4  
“Интеллект” баспа үйі